

"Қазақстандық инвестициялық басқосу" халықаралық форумын өткізу үшін қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 20 мамырдағы N 453

1998 жылдың 3-5 маусымында Алматы қаласында "Қазақстандық инвестициялық басқосу" халықаралық форумын өткізуге байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан

Республикасы Үкіметінің резерв қорынан Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетіне Алматы қаласында "Қазақстандық инвестициялық басқосу" халықаралық форумын ұйымдастыруға және өткізуге 3 805 000 (үш миллион сегіз жүз бес мың) теңге бөлсін.

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі